

Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы Мемлекеттік сыйлықтары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 25 мамырдағы N 477.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.14. N 807 Қаулысымен.

***Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.14. N 807
Қаулысымен.***

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы
Мемлекеттік сыйлықтары туралы ереже;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы Қазақстан Республикасының
Ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтары
жөніндегі комиссиясы туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы Қазақстан
Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік
сыйлықтары жөніндегі комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. М ы на л а р д ы ң :

"Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы
мемлекеттік сыйлығы туралы ереже мен Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинеті жаңындағы Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім
саласындағы мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитет туралы ережені бекіту
туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 7
қазандағы N 834 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., N
3 8 , 5 7 7 - құжат) ;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 77 қазандағы
N 834 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 31 қазандағы N 1412 қаулысының (
Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 33, 429-құжат);

"Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Қазақстан
Республикасының Ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік
сыйлықтар жөніндегі комитетінің құрамы мен төралқасы туралы" Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 тамыздағы N 1003 қаулысының (
Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 33, 315-құжат) күші жойылған
деп танылсын.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 25 мамырдағы

N 477 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы Мемлекеттік сыйлықтары туралы ереже

1. Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы Мемлекеттік сыйлығы (бұдан әрі - Мемлекеттік сыйлық) Қазақстан Республикасының азаматтарына:

республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуын айтарлықтай жеделдетуге және қазақстанның ғылым мен техниканы әлемдегі озық жетістіктердің деңгейіне көтерілуіне жеткізетін іргелі және қолданбалы зерттеулер саласындағы аса үздік нәтижелер үшін;

қоғамға кеңінен танылған ғылыми ашылымдар, монографиялар, сондай-ақ бір саладағы бірқатар ғылыми жұмыстар үшін;

техниканың, материалдардың және технологиялардың жана түрлерін әлемдік үлгілер деңгейінде және одан жоғары өндіруді әзірлегені және ұйымдастырығаны үшін;

мемлекеттік құпияларға жатқызылған мәліметтері бар экономиканың әр түрлі салаларында мұлдем жаңа бұйымдар, технологиялық процестер әзірлегені және жасағаны үшін;

республика үшін жоғары білікті мамандар мен ғылыми кадрлар даярлауға жәрдемдесетін республиканың білім жүйесінің барлық сатыларына арналған оқулықтар үшін баріледі.

Ескерту. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.07.17. N 966 қаулысымен.

2. Мемлекеттік сыйлықтар Республика күні қарсаңында екі жылда бір рет 6 сыйлық санында, оның ішінде біреуі мемлекеттік құпияларға жатқызылған мәліметтері бар жұмыс үшін беріледі. Мемлекеттік сыйлықтың ақшалай бөлігінің мөлшерін олар берілетін жылды және республикалық бюджетте ғылым үшін көзделген сомалардың шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Бланктер, дипломдар, құрметті белгілер дайындауға, Мемлекеттік сыйлықтар алуға ұсынылған жұмыстар сараптама және рецензиялау жүргізуге байланысты шығыстар, сондай-ақ Комиссия мүшелері мен ол іске тартылған сарапшыларға

іссапарлық шығыстар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі қаражатының есебінен қаржыландырылады. <*>

Бұрын Қазақстанның мемлекеттік сыйлықтары мен Қазақстан Республикасының атаулы сыйлықтарына ие болған жұмыстар Мемлекеттік сыйлық алу конкурсына қатысуға жіберілмейді. Жұмыс Мемлекеттік сыйлық алуға екі реттен артық ұсынылмайды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты жаңа жетістіктерге қол жеткізген кезде, бұл сыйлық, оның алдында көрсетілген сыйлық берілгеннен кейін бес жылдан соң оған екінші рет берілуі мүмкін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.07.17. N 966 қаулысымен, 2003.07.30. N 763 қаулысымен.

3. Мемлекеттік сыйлық алу үшін ұсынылған ғылыми еңбектер жариялануы, оқулықтар республиканың білім жүйесінде кемінде үш жыл бойы байқау-сынақтан өтуі, ал техникалардың, материалдардың жаңа технологиялардың жаңа түрлері Мемлекеттік сыйлық алуға ұсынылған сәтке дейін кемінде екі жыл бойы өндірісте игерілуі тиіс.

4. Жұмыстарды мемлекеттік сыйлық алуға ұсынуды Қазақстан Республикасы министрліктерінің алқалары, ғылыми және оқу орындарының және басқа да ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпорындардың ғылыми, ғылыми-техникалық, ғалымдар кеңестері жүргізеді. Жұмыстарды Мемлекеттік сыйлыққа ұсыну туралы шешім бұл органдардың қызметіне арналған регламенттермен және басқа да актілермен, белгіленген тәртіпте қабылданады.

5. Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғандардың ұжымы әдетте 8 адамнан аспауы тиіс. Мемлекеттік сыйлықты алуға ізденушілердің көрсетілген санын арттыруға Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссияның ұсынымы бойынша рұқсат етіледі.

Ізденушілердің ұжымына кандидаттар іріктеу ұсынылатын жұмыс орындалған министрліктерде, ғылыми және басқа да ұйымдарда, сондай-ақ кәсіпорындарда белгіленген тәртіпте, объективті турде жүргізіледі. Бір ізденушілердің кандидатурасы Мемлекеттік сыйлыққа екі және одан да көп жұмыстар бойынша ұсынылына алмайды. Ізденушілердің ұжымына адамдарды тек лауазымдық және басқа белгісі бойынша кіргізуге жол берілмейді.

6. Мемлекеттік сыйлықтар алуға сыйлықтар берілетін жылғы 1-ақпанға дейін ұсынылған жұмыстарды Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссия қабылдайды.

Құжаттардың тізбесі мен оларды ұсынылған жұмыстарға рәсімдеудің тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтары

жөніндегі комиссия қабылдайтын Ережемен айқындалады.

Мемлекеттік сыйлықтарды ұсынуға жұмыстарды қабылдау туралы және алдын ала іріктеу туралы шешімді жариялауды республикалық және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

7. Комиссия Мемлекеттік сыйлықтар алуға ұсынылған жұмыстарды екі кезеңде қарайды.

Бірінші кезеңде (15 тамызға дейін) жұмыстарды алдын ала іріктеп алушы және ізденушінің нақты шығармашылық үлесі бойынша оның мәлімделген авторлыққа (тең авторлыққа) сәйкестігін анықтауды Комиссияның төралқасы жүзеге асырады. Комиссия мемлекеттік құпияларға жатқызылған мәліметтері бар жұмыстардан басқа алдын ала іріктеуден өткен жұмыстардың тізімін қараудың екінші кезеңіне дейін кемінде бір ай бұрын, авторлары мен осы жұмыстарды ұсынған ұйымдарды көрсете отырып, кеңінен талқылау үшін республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялады. <*>

Қараудың екінші кезеңінің қорытындылары бойынша Комиссия жұмыстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне Мемлекеттік сыйлықтар беруге ұсынады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.07.17. N 966 қаулысымен, 2003.07.30. N 763 қаулысымен.

8. Комиссияның Мемлекеттік сыйлықтар беру туралы ұсыныстары Қазақстан Республикасының Үкіметіне сыйлықтар берілетін жылғы 15 қыркүйекке дейін ұсынлады.

9. Мемлекеттік сыйлықтар беру туралы Комиссияның ұсыныстарын Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітеді және Республика күнінде баспасөзде жарияланады.

10. Мемлекеттік сыйлыққа ие болған адамдарға "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты" атағы беріледі әрі лауреаттың дипломы, қуәлігі, құрметті белгісі және сыйлықтың ақшалай бөлігі тапсырылады.

11. Авторлар ұжымына Мемлекеттік сыйлықтар берілген кезде сыйлықтың ақшалай бөлігі олардың арасында тең бөлінеді.

12. Қайтыс болғаннан кейін марапатталған, қайтыс болған Мемлекеттік сыйлықтың лауреатының дипломы, құрметті белгісі және ақшалай сыйақысы оның мұрагерлеріне беріледі.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 25 мамырдағы

N 477 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Қазақстан Республикасының ғылым, техника
және білім беру саласындағы мемлекеттік
сыйлықтары жөніндегі комиссиясы туралы ереже**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) консультативтік-кеңесші орган болып табылады және республика министрліктерінің, ведомстволарының, ғылыми қоғамдарының, оқу орындарының, кәсіпорындарының және басқа да ұйымдарының көрнекті ғалымдары мен ірі мамандарынан құралады.

Комиссияның құрамы мен оның төралқасын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.07.30. N 763 қаулысымен .

2. Комиссияға Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтарын (бұдан әрі - Мемлекеттік сыйлықтар) алуға ұсынылған жұмыстарды қабылдау мен қарауды ұйымдастыру және Мемлекеттік сыйлықтар беруге арналған ұсынымдар жүктеледі.

3. Комиссия өзіне жүктелген функцияларға сәйкес:

Мемлекеттік сыйлықтарды алуға ұсынылған жұмыстарды қабылдауды және қарасты жүргізеді;

ізденушінің нақты шығармашылық үлесі бойынша оның мәлімделген авторлыққа (тең авторлыққа) сәйкестігін анықтай отырып, Мемлекеттік сыйлықтарды алуға ұсынылған жұмыстарды алдын ала іріктеуді жүзеге асырады және мемлекеттік құпияларға жатқызылған мәліметтері бар жұмыстардан басқа бұл жұмыстардың тізімін кең қоғамдық талқылау үшін республикалық және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды; <*>

Мемлекеттік сыйлықтарға ұсынылған жұмыстарға түсken ұсыныстарға, ескертпелерге және пікірлерге талдау жүргізеді;

Мемлекеттік сыйлықтар беру туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізеді;

Мемлекеттік сыйлықтар лауреаттарының дипломдарын, куәліктерін және құрметті белгілерін ресімдейді, лауреаттарға Мемлекеттік сыйлықтардың ақшалай бөлігін төлеуді жүргізеді;

бұқаралық ақпарат құралдарының Мемлекеттік сыйлықтар лауреаттарының шығармашылық тәжірибесі мен жетістіктерін таратуына жәрдемдеседі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 2001.07.17. N 966 қаулысымен, 2003.07.30. N 763 қаулысымен .

4 . К о м и с с и я ғ а :

Мемлекеттік сыйлықтар алуға ұсынылған жұмыстарды алдын ала қарау үшін секциялар, тұрақты немесе уақытша сараптық комиссиялар құруға. Секциялар мен сараптық комиссияларының жұмыс тәртібі Комиссияның төралқасы бекітетін ережелермен белгіленеді;

Мемлекеттік сыйлықтар алуға ұсынылған жұмыстарды ғылыми және тиісті бейіндеңі басқа да ұйымдарға сараптық қарауға жолдауға;

Мемлекеттік сыйлықтар алуға ұсынылған жұмыстарды рецензиялауға көрнекті ғалымдар мен халық шаруашылығының ірі мамандарын тартуға;

Мемлекеттік сыйлықтар алуға ұсынылған жұмыстарды ұсыну мен сараптық қараудың белгіленген тәртібінің сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыруға;

карапатын жұмыстардың нәтижелерімен жергілікті жерде танысу үшін Комиссия мүшелерін, сарапшыларды жіберуге құқық беріледі.

Комиссия Мемлекеттік сыйлықтар алуға ұсынылған жұмыстарға сараптау жүргізу мен рецензиялауға байланысты құжаттарды, сондай-ақ Комиссия мүшелері мен бұл іске тартылған сарапшыларға іссапарлық шығыстарды Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне жібереді. <*>

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 2003.07.30. N 763 қаулысымен .

5. Комиссияның жұмысына Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәраға басқаратын төралқа басшылық етеді.

6. Жұмыстарды алдын ала іріктеу туралы шешімді жұмыстарды қараудың және секциялардың ұсынымдарының негізінде қарапайым көвшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы Комиссияның төралқасы қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төраганың дауысы шешуші болады.

7. Мемлекеттік сыйлықтар беру туралы шешімді Комиссия жасырын дауыспен қабылдайды. "Құпия" белгісі бар жұмыстар бойынша жеке бір Мемлекеттік сыйлық беру туралы шешімді жасырын дауыспен құпия жұмыстар мен мәліметтерге тиісті нысандағы рұқсаты бар төралқа мүшелері мен Комиссия мүшеслері қабылдайды .

Мемлекеттік сыйлық мәжіліске қатысып отырған комиссия мүшелерінің дауысы санының кемінде 3/4 алған жұмысқа беріледі.

Комиссия мүшелерінің алты жұмыс бойынша ғана Мемлекеттік сыйлық беру туралы оң шешім шығаруға құқығы бар.

Егер, жасырын дауыс берудің қорытындысы бойынша алты жұмыстан артық

жұмысқа Мемлекеттік сыйлықтар беруге шешім қабылданса, онда Мемлекеттік сыйлықтар ең көп дауыс санын жинаған алты авторға (авторлар ұжымдарына) беріледі.

Егер, дауыс берудің қорытындысы бойынша алтыдан аз жұмыс қажетті дауыс санын алса, мәжіліске қатысқан Комиссия мүшелерінің дауысы санының 50% астамын алған жұмыстар үшін қайталап дауыс беруді жүргізуге рұқсат етіледі.

Комиссияның (төралқаның) мәжілісі оның құрамының кемінде 2/3 болған кезде құқық күші бар болып есептеледі.

Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 2001.07.17. N 966 қаулысымен.

8. Комиссия мүшелерінің жұмыстары Мемлекеттік сыйлықтар алуға ұсынылған жағдайда олар комиссияның жұмыстарына қатыспайды.

9. Комиссия мен оның төралқасының қызметін Комиссияның жауапты хатшысы басқаратын хатшылық қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1998 жылғы 25 мамырдағы
N 477 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссиясының

Құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005.03.01. N 184, 2005.07.22 N 768, 2005.11.30. N 1176, 2007.05.29. N 438 қаулыларымен.

Комиссия төралқасы:

Әйтімова	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, төрайым
Бірганым Сарықызы	- Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда бірінші вице-министрі,
Кравченко	төрайымның орынбасары
Иван Михайлович	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым департаментінің директоры, жауапты хатшы
Могильный	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым департаментінің директоры, жауапты хатшы
Валерий Валентинович	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі
Әбдімомынов	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі
Азамат Құрманбекұлы	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі
Ақанов	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі
Айқан Ақанұлы	

Ерғожин Еділ Ерғожаұлы	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Химия-технологиялық зерттеулер орталығы А.Б.Бектұров атындағы Химия ғылымдары институтының директоры
Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы	- "Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясы" республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті (келісім бойынша)
Жұрынов Мұрат Жұрынұлы	- "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті (келісім бойынша)
Қуанғанов Фархад Шаймұратұлы	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Әлеуметтік мәдени даму бөлімінің менгерушісі
Сағадиев Кенжеғали Әбенұлы	- Қазақстан Республикасы Парламентінің Мажілісі Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы (келісім бойынша)
Бекжанов Жамбыл Лесбекұлы	- Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі
Байжанов Ерлан Сапарұлы	- Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт бірінші вице-министрі
Евниев Арман Қайратұлы	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі
Комиссия мүшелері:	
Әbdіманапов Сәрсенғали Әбдіғалиұлы	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры
Әбдірәсілов Болатбек Серікбайұлы	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің төрағасы
Арын Ерлан Мұхтарұлы	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Арзықұлов Жеткерген Әнесұлы	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының директоры
Батыргажин Азамат Байқуанышұлы	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің сектор менгерушісі
Бектұрғанов Нұралы Сұлтанұлы	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Химия-технологиялық зерттеулер орталығының бас директоры
Березин Владимир Элеазарович	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Микробиология және вирусология институтының директоры
Берсімбаев Рахметқажы Ескендерұлы	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің аппарат басшысы
Бишімбаев Уәлихан Қозыкеұлы	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры
Жұсіпов Әлихан Қазақбайұлы	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақ қардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтының директоры
Дүйсенбеков Зайролла Дүйсенбекұлы	- Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығының бас директоры
Есполов Тілектес Исабайұлы	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры
Жантаев Жұмабек	- Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш Шебденамұлы агенттігі "Астрофизикалық зерттеулер орталығы" респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры
Жәрменов Әбдірасыл Алдашұлы	- Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Минералдық шикізатты кешенді өңдеу ұлттық орталығының бас директоры

Ізбасаров	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі ғылыми-өндірістік орталығының бас директоры
Кәлменов	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Физика-математикалық зерттеулер орталығының бас директоры
Тынысбек Шәріпұлы	- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Үлттық ядролық орталығы Ядролық физика институтының директоры
Қадыржанов	- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Үлттық ядролық орталығы Ядролық физика институтының директоры
Қайрат Камалұлы	- "Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" акционерлік қоғамының президенті (келісім бойынша)
Қыпшақбаев	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Әл-Фараби атындағы Қазақ үлттық университетінің ректоры
Әбдел Исаұлы	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар үлттық орталығының директоры
Қожамқұлов	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Әл-Фараби атындағы Қазақ үлттық университетінің ректоры
Төлеген Әбдісағиұлы	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар үлттық орталығының директоры
Ғабдолла Әбдікожаұлы	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар үлттық орталығының директоры
Құсайынов	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақ бас сәулет-күрылымы академиясының президенті
Әмірлан Айдарбекұлы	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының бас директоры
Мәжібаев	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының бас директоры
Қуаныш Әбдікерімұлы	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Серіктестігінің бас директоры (келісім бойынша)
Нәдіров	- "Мұнай" ғылыми инженерлік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры (келісім бойынша)
Нәдір Кәрімұлы	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Философия және саясаттану институтының директоры
Нысанбаев	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Философия және саясаттану институтының директоры
Әбдімәлік Нысанбайұлы	- М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстан филиалы директорының орынбасары
Өтелбаев	(келісім бойынша)
Мұхтарбай Өтелбайұлы	

Рақышев	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Геология-географиялық зерттеулер орталығының бас директоры
Болат Мамытханұлы	
Сәбден	- "Қазақстан-АҚШ" талдау және болжау институты" қоғамдық қорының президенті (келісім бойынша)
Оразалы Сәбденұлы	
Сансызбай	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы және ветеринария ғылыми-өндірістік орталығы
Абылай Рысбайұлы	Ветеринарлық ғылыми-зерттеу институтының директоры
Сүлеев	
Досым Қасымұлы	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің ректоры
Төлебаев	
Алмаз Қажыкенұлы	- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Ядролық энергетика және сыртқы байланыстар департаментінің директоры
Үәлиев	
Ғақып Үәлиұлы	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Физика-математикалық зерттеулер орталығы Механика және машинатану институтының директоры
Шуақмайтов	
Дулат Сламбекұлы	- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Қостанай заң институтының бастығы
Шарманов	
Төрегелді Шарманұлы	- "Қазақ тағамтану академиясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры (келісім бойынша)